

## **БЕКІТЕМІН**

Қазақстан Республикасы

Октағарту министрлігінің

«Балаларды ерте дамыту

институты» РММ директоры

Г. Онланбекқызы

02 2024 жылғы

бұйрығы



## **ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі - Институт) осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Занының 10-бабына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жоніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді және ұсынымдық сипатта болады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші «Балаларды ерте дамыту институты» РММ әкімшілік жұмыстар болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Институттың қызмет түрлерімен (бұдан әрі – қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы) байланысты қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін орнатуға бағытталған.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

1) қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында жұмыс істейтін адамдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;

2) Сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қагидаттары:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысын болдырмау.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтауга және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында жұмыс істейтін адамдар үшін ұсынымдарды айқындауды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың негізінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша келесі тікелей іс-қимылдар:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;
- 2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді даярлау және қабылдау;
- 3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;
- 4) тыныс-тіршіліктің тиісті саласының ерекшелігіне қарай өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастарға қолданылмайды.

## **2. Қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлқының (іс-қимылдының) стандарттары (ұсынымдары)**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституациясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Институт Жарғысын басшылыққа алуға;
- 2) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;
- 4) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмау, сынағаны үшін қудалауға жол бермеу, кемшіліктерді жою және өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;
- 5) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ұйымдардың және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;
- 6) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;
- 7) заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылыштарды жасауға жол бермеуге;
- 8) Институтта еңбек заңнамасының орындалуын, еңбек режимі мен жағдайларының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Қызметтер және өзге де рұқсат беру функцияларын көрсету кезінде:

- 1) тұрақты негізде қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдауға;
- 2) көрсетілетін қызметті алушыларға қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсынуға;

3) көзделмеген құжаттарды талап етуге жол бермеуге, сол сияқты қызметтер мен өзге де рұқсат беру функцияларын көрсету барысында қағазбастылықтан (төрешілдіктен) барынша аулақ болуға;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелесу кезінде басшылыққа баяндау;

5) қызметтер көрсету процесін, қызметтер көрсету кезінде үнемділік пен тиімділікті тұрақты жетілдіруді қамтамасыз етуге міндепті.

3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

1) Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсауға;

2) заңда көзделген жағдайларды қоспағанды, мемлекеттік сатып алуды откізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тен мүмкіндіктер беруге;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етуге;

4) сыйбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге;

5) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндептемелері бар Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті онім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушы) қатысуына жол бермеуге міндепті.

4. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1) қызметтік міндептерін орындау кезінде мұдделер қақтығысының, жеке басының мұддесінің туындағаны туралы, Сыйбайлас жемқорлық мінездүйнекілдікке және сыйлықтар алуға қондіру туралы тікелей немесе тікелей басшыға баяндауға;

2) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде үйымдардың және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

3) әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып мүліктік пайда, игіліктер ис артықшылықтар алу үшін сыйлықтар бермеуге және қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;

4) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуға;

5) өздеріне белгілі болған сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды тездетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелесу немесе зуре-сарсанға салу туралы басшылыққа баяндауға;

6) орындау үшін алғынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы жазбаша түрде тікелей басшыға хабарлауға;

7) егер тікелей басшының өзі мұдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрган басшыға жүгінуге;

8) кірістер алумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуғе көмек көрсетуден бас тартуға міндепті.

## **5. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:**

1) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау мен талқылауға жүртшылықтың, бұқаралық ақпарат құралдарының міндетті турде қатысуын қамтамасыз етуге;

2) әзірленген нормативтік құқықтық актілердің жобалары мұдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберілгенге дейін анық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында талқылау үшін жариялауға;

3) нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбауға міндетті.

## **6. Институт қызметкерлерін іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде:**

1) тағайындау материалдарын қараудың белгіленген мерзімдерін сақтауға;

2) Институтқа жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлерге жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіруге;

3) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

4) Институт қызметкерлерінің дербес деректері туралы мәліметтерді негіzsіз беруге жол бермеуге;

5) жұмысқа кандидаттардан еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеуге;

6) институт қызметкерлеріне қатысты қызметтік тексерістерді әділ және жан-жақты жүргізуға міндетті.

## **7. Өмір сүру саласының ерекшелігіне байланысты туындаитын басқа қатынастар кезінде:**

1) қарамағындағы қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты және нақты айқындауға;

2) қарамағындағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеуге;

3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелесу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға;

4) нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамага қайшы келетін окімдер бермеуге;

5) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбауға;

6) қарамағындағы қызметкерлерді сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлесмеуге;

7) әрітестердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мұдделер қактығысын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақтылы қабылдауға;

8) мұліктің сақталуын қамтамасыз етуге, автотранспорт құралдарын қоса алғанда, меншікті қызметтік мақсаттарда ұтымды, тиімді пайдалануға міндетті.